

Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2020 жылғы 28 қыркүйектегі № 926 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 қыркүйекте № 21300 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 6 тамыздағы № 4 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 06.08.2021 № 4 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 15.11.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 3-2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық 2020 жылдың 15 қарашасынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2020 жылғы 28 қыркүйегі
№ 926 Бұйрығына
қосымша

Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қаржылық емес сектор үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау қағидаларына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 28 тамыздағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Заңның 3-бабы 1-тармағының 7), 8), 13, 15), 16) және 18) тармақшаларында көзделген қаржы мониторингі субъектілері (бұдан әрі – Субъектілер) үшін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау (бұдан әрі – КЖ/ТҚ) мақсатында ішкі бақылау қағидаларына қойылатын шарттарды анықтайды.

2. Осы Талаптарда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландырудың (бұдан әрі – КЖ/ТҚ) заңдастыру тәуекелдері – КЖ/ТҚ немесе өзге де қылмыстық әрекет процестеріне Субъектілерді әдейі немесе әдейі емес тарту мүмкіншілігі;

2) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару – КЖ/ТҚ тәуекелдерін айқындау мониторингі бойынша Субъектілер қабылдайтын шаралар жиынтығы (қызметтерге, клиенттерге қатысты);

3) ҚМ-1 нысаны – Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беру қағидаларында айқындалған қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпараттар нысаны;

4) уәкілетті орган – осы Заңға сәйкес қаржы мониторингін жүзеге асыратын және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ) қарсы іс-қимыл жөніндегі өзге де шараларды қолданатын мемлекеттік орган;

5) ішкі бақылау – КЖ/ТҚ заңдастыруды алдын алу мақсатында Субъект қабылдайтын ұйымдастырудың, саясаттың, рәсімдердің және әдістердің жүйесі;

Осы Талаптарда пайдаланылатын өзге ұғымдар Заңға, 2000 жылғы 5 шілдедегі "Қаржы лизингі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және 2016 жылғы 14 қаңтардағы "Бағалы металдар мен асыл тастар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қолданылады.

3. Ішкі бақылау:

1) КЖ/ТҚҚ туралы Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын Субъектілердің орындауын қамтамасыз ету;

2) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару үшін жеткілікті деңгейде ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін сақтау;

3) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін азайту мақсаттарында жүзеге асырылады.

4. Ішкі бақылау қағидалары (бұдан әрі – ІБК) Заңның 11-бабының 3-тармағында көзделген бағдарламаларды қамтиды және КЖ/ТҚҚ-ға бағытталған жұмыстың ұйымдастырушылық негіздерін регламенттейтін құжат болып табылады және КЖ/ТҚҚ Субъектілерінің іс-әрекеттер тәртібін орнатады.

5. КЖ/ТҚҚ туралы заңнамаға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген жағдайда, Субъектілер 30 (отыз) жұмыс күні ішінде ІБК-ға тиісті өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізеді.

2-тарау. Қаржы мониторингі субъектілерінің қызметкерлеріне қойылатын талаптарды қоса алғанда, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жасау мақсатында Ішкі бақылау ұйымдастыру бағдарламасы

6. КЖ/ТҚҚ мақсатында Ішкі бақылау ұйымдастыру бағдарламасы мына рәсімдерді:

1) Субъектілердің КЖ/ТҚҚ мақсатында ішкі бақылауды жүзеге асыру кезінде ішкі бақылау ұйымдастыруды;

2) клиенттермен іскерлік қарым-қатынас орнатудан бас тарту мен іскерлік қарым-қатынасты тоқтату, ақша және (немесе) өзге мүлікпен операция жасаудан бас тарту, ақша және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды тоқтатып қою бойынша шаралар қабылдауды;

3) клиенттің қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларды күдікті ретінде тануды;

4) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы, клиентпен іскерлік қатынастарды орнатудан бас тарту, клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату, ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тарту фактілері туралы уәкілетті органға мәліметтерді, ақпаратты және құжаттарды беру үшін қолданылатын автоматтандырылған ақпараттық жүйелер және бағдарламалық қамтамасыз ету нұсқамалары мен регламенттерін қоса алғанда, уәкілетті органға ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операцияларды тоқтатып қою бойынша шаралар туралы мәліметтер мен ақпараттар беруді;

5) клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса алғанда, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операцияларды, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін құжаттық тіркеуді және сақтауды;

6) зерделеуге жататын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды күдікті ретінде Субъектілердің тануын қамтиды.

Қаржы мониторингіне жататын және уәкілетті органға жіберілетін операцияларды құжаттық тіркеу Субъектілер белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

7) қызметін жеке өзі жүзеге асыратын Субъектілерді қоспағанда, Субъект қызметкерлері жол берген КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманы, ІБҚ-ны бұзу фактілері өздеріне белгілі болғандығы туралы Субъекті қызметкерлерінің басшысын хабардар етуді;

8) бағалауды, анықтауды, құжаттық белгілеуді және КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалаудың нәтижелерін жаңартуды;

9) бақылау шараларын әзірлеуді, КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару және КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін азайту бойынша рәсімдерді;

10) КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін бағалаудың тәуекел деңгейін ескере отырып өз клиенттерін сыныптауды қамтиды.

7. Субъектілердің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіпте ішкі бақылау қағидаларын сақтау бойынша мониторингі жүзеге асыруға жауапты тұлға (бұдан әрі – жауапты қызметкер) тағайындалады, сондай-ақ қызметін жеке өзі жүзеге асыратын Субъектілерді қоспағанда, құзыреттеріне КЖ/ТҚҚ мәселелері кіретін қызметкерлер немесе Субъектілердің бөлімшесі (бұдан әрі – КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімше) анықталады.

Жауапты қызметкердің лауазымына жоғары білімі жоқ, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстары не ауырлығы орташа, ауыр немесе аса ауыр қасақана жасалған қылмыстары үшін алынбаған немесе жойылмаған сотталғандығы бар тұлға тағайындалмайды.

2014 жылғы 5 шілдедегі "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 214-бабына сәйкес, қызметін жеке өзі жүзеге асыратын Субъектілер ІБҚ-ны сақтау және ұйымдастыру үшін жауапты болады.

8. Жауапты қызметкердің, Субъектінің КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімше қызметкерлерінің және қызметін жеке өзі жүзеге асыратын Субъектілердің функциялары:

- 1) ІБҚ әзірлеуді, оған өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді;
- 2) уәкілетті органға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпарат беруді ұйымдастыруды және бақылауды;
- 3) клиент операцияларын күдікті ретінде тану туралы шешімдер қабылдауды;
- 4) клиент операцияларын күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларға, қылмыстық кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың типологияларына, схемаларына және тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар операцияларға жатқызу туралы шешімдер қабылдауды;
- 5) клиент операцияларын тоқтату не жүргізуден бас тарту туралы және уәкілетті органға операциялар туралы ақпарат жіберу қажеттігі туралы шешімдер қабылдауды;
- 6) уәкілетті органның күдікті операцияны жүргізуді тоқтату туралы шешімін орындауды;
- 7) клиенттермен іскерлік қатынастар орнату, жалғастыру не тоқтату туралы шешімдер қабылдауды;
- 8) клиенттің (оның өкілінің) және бенефициарлық меншік иесінің операцияларына қатысты қабылданған шешімдерді құжаттық тіркеуді;
- 9) ІБҚ-ны іске асыру нәтижесінде алынған деректер негізінде клиенттің дерекнамасын қалыптастыруды;
- 10) тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру жөнінде шаралар қабылдауды;
- 11) клиенттің дерекнамасын және онымен хат-хабар алмасуды қоса, клиентті тиісінше тексеру нәтижелері бойынша алынған құжаттар мен мәліметтерді, қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы құжаттар мен мәліметтерді, сондай-ақ барлық күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларды зерделеу нәтижелерін клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтатқан күннен бастап кем дегенде бес жыл сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз етуді;
- 12) өз қызметін жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың құпия сақталуын қамтамасыз етуді;
- 13) КЖ/ТҚҚ туралы заңнаманың орындалуына бақылауды жүзеге асыру үшін тиісті мемлекеттік органдарға ақпарат беруді;

14) уәкілетті органға оның сұратуы бойынша қажетті ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды ұсынуды жүзеге асыруды қамтиды.

Субъект жауапты қызметкер немесе КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімше қызметкерлерін тағайындаған жағдайда, ІБҚ қосымша функцияларды:

1) ІБҚ әзірлеуді және келісуді, Субъект басшысымен оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, сондай-ақ іске асыру мониторингін және сақтауды;

2) клиенттермен іскерлік қарым-қатынасты орнату, жалғастыру немесе тоқтату туралы шешімдерді қабылдау үшін Субъект басшысына сұрату жіберуді;

3) ІБҚ бұзудың анықталғаны туралы басшыға хабарлауды;

4) басшыға есептер қалыптастыру дайындау үшін ІБҚ-ны іске асыру нәтижелері туралы ақпарат пен КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдерін басқару және КЖ/ТҚҚ ішкі бақылау жүйесін жақсарту бойынша ұсынылатын шараларды дайындауды қосады.

9. Жүктелген функцияларды орындау мақсатында жауапты қызметкер мен КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімше қызметкерлеріне мынадай өкілеттіктер:

1) Субъектінің барлық үй-жайларына, ақпараттық жүйелеріне, телекоммуникация құралдарына, құжаттар мен файлдарға, өз функциясын толық көлемде жүзеге асыруға болатын шекте және Субъектінің ішкі құжаттарында көзделген тәртіпте рұқсат алу;

2) өз функцияларын жүзеге асыру барысында алынған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз ету;

3) Субъектінің бөлімшелерінен алынған құжаттар мен файлдардың сақталуын қамтамасыз ету қоса беріледі.

Субъектінің жауапты қызметкер мен КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімше қызметкерлеріне қосымша өкілеттіктер қосуына рұқсат етіледі.

10. Субъектілер клиенттер мен өзге тұлғаларды осындай клиенттер туралы және олардың жасайтын операциялары туралы ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды уәкілетті органдарға беру туралы хабардар етпейді.

3-тарау. Технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттер тәуекелдері мен қылмыстық мақсаттағы қызметтерді пайдалану тәуекелдерін ескеретін қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелін басқару бағдарламасы

11. КЖ/ТҚ-ның тәуекелін басқаруды ұйымдастыру мақсатында Субъектілер технологиялық жетістіктерді пайдалану тәуекелін қоса алғанда, клиенттер тәуекелдері мен қылмыстық мақсаттағы қызметтерді пайдалану тәуекелдерін ескеретін КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелін басқару бағдарламасын әзірлейді.

Субъектілер жыл сайынғы негізде КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдері есебінен ақпаратты және кем дегенде, тәуекелдердің мынадай ерекше санаттарын:

клиенттердің түрі бойынша тәуекелді, елдік (географиялық) тәуекелді, қызметтер және (немесе) оны ұсыну тәсілі тәуекелдерін ескере отырып КЖ/ТҚ заңдастыру тәуекелдеріне Субъектілер қызметтерінің (өнімдердерінің) ұшырау дәрежесін бағалауды жүзеге асырады.

Тәуекелдерді бағалау нәтижелері тиісті уәкілетті орган мен мүшелері Субъектілер болып табылатын коммерциялық емес ұйымдардың талабы бойынша ұсынылады.

12. Мәртебесі және (немесе) қызметі КЖ/ТҚ тәуекелін арттыратын клиенттер санаттары:

1) клиент:

шетелдік жария лауазымды тұлға болып табылған;

шетелдік жария лауазымды тұлғаның мүддесіне (пайдасына) әрекет ететін тұлға болып табылған;

шетелдік жария лауазымды тұлғаның отбасы мүшесі, жақын туысы болып табылған;

азаматтығы жоқ тұлға болып табылған;

Қазақстан Республикасында тіркелген немесе тұрған орны жоқ Қазақстан Республикасының азаматы болып табылған;

бейрезидент болып табылған;

коммерциялық емес ұйым болып табылған;

2) клиент (оның өкілі) немесе бенефициарлық меншік иесі немесе клиенттің операция бойынша контрагенті болып табылған жағдайда:

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16404 нөмірімен тіркелген "Салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттер" тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 142 бұйрығымен (бұдан әрі – Бұйрық) бекітілген салық салуда жеңілдігі бар мемлекеттер тізбесіне енген мемлекетте (аумақта) операциялар бойынша тіркелген немесе қызметін жүзеге асырған;

террористік қызметті жүзеге асыратын адамдардың тізіміне (бұдан әрі – Тізім) және (немесе) терроризмді және экстремизмді қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың, сондай-ақ жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырумен байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне (бұдан әрі - Тізбелер) енгізілген;

3) клиент (оның өкілі), бенефициарлық меншік иесі:

операцияның шұғыл түрде өтуіне көндірген;

пайдаланылуы Субъектілердің әдеттегі тәжірибесінен айрықшаланатын, стандартты емес немесе есеп айырысудың әдеттегіден ерекше күрделі схемаларын жүргізуді талап еткен;

қаржы мониторингі рәсімдерінен жалтаруға бағытталған әрекет жасаған;

операциялары бұрын күдікті деп танылған жағдайда;

4) клиент:

төлемнің шарттық талаптарын орындамайды, нәтижесінде лизинг алушының атынан жасалатын төлемдер жүйелі түрде яғни лизинг мәмілесінің қатысушысы болып табылмайтын басқа жеке немесе заңды тұлға (кепілгер, кепіл беруші) бір жыл ішінде қатарынан екі немесе одан да көп рет жүзеге асырылады;

лизинг беруші бұны талап етпесе де, жалға алынған актив үшін тиісті себепсіз үлкен мөлшерде алдын ала төлем ұсынады;

сатып алынатын тауардың құндылығына, оның мөлшеріне, салмағына және табиғи ерекшеліктеріне назар аудармастан бағалы металдар мен асыл тастардан жасалған бірнеше зергерлік бұйымдарды сатып алған;

Кимберлий процесінің мерзімі өткен сертификатын ұсынған;

бағалы металдардан және (немесе) асыл тастардан жасалған (бір типті бұйымдарды) бірнеше зергерлік бұйымдарды және (немесе) сертифицикатталған асыл тастарды жүйелі түрде сатып алатын;

сатып алынған бағалы металдар мен асыл тастардан, олардан жасалған зергерлік бұйымдардан алынған ақшалай қаражатты үшінші тұлғалардың шоттарына аударуды талап еткен;

5) мына жағдайда:

лизинг нысанасын қаржыландыруға жүгінген клиенттің мәлімдемесі лизингті пайдалану ниетіне немесе клиенттің іскерлік белсенділігіне қатысты (лизинг алушының қызмет түрі мен лизинг мәмілесі арасындағы айқын сәйкессіздік) ақылға қонымды емес болып көрінген;

мемлекеттік тіркелу кезінде көрсетілген клиенттің орналасқан жері оның органдарының нақты қызметінің орнымен сәйкес келмеген;

клиентпен іскерлік қатынас ерекше жағдайларда (мысалы, Субъекті мен клиенттің арасында өте үлкен түсініксіз географиялық арақашықтық бар) жүзеге асырылған;

клиенттің қызметі қолма-қол ақшаның қарқынды айналымымен байланысты болған;

клиент берген мәліметтерді тексеру кезінде Субъектілерде қиындықтар пайда болған;

б) мемлекеттерден (аумақтардан) іскерлік қарым-қатынастар мен мәмілелер жасаған:

Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (бұдан әрі - ФАТФ) ұсынымдарын орындамаған және (немесе) жеткіліксіз орындаған;

сыбайлас жемқорлықтың немесе өзге де қылмыстық әрекеттің жоғары деңгейімен;

санкцияларға, эмбарго және Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі - БҰҰ) салған ұқсас шараларға ұшыраған;

террористік (экстремистік) қызметті қаржыландыруды ұсынатын немесе қолдайтын ұсынатын және орнатылған террористік (экстремистік) ұйымдары бар мемлекеттердің (аймақтардың) клиенттерімен.

БҰҰ және халықаралық ұйымдар ақпараты бойынша мұндай мемлекеттердің (аумақтардың) тізбесіне сілтемелер уәкілетті органның Интернет-ресурсында қол жетімді;

7) ақшамен және (немесе) өзге де мүлікпен операциялар:

тараптардың жеке қатысуынсыз жүзеге асырылатын;

белгісіз немесе байланысты емес үшінші тараптардың атынан немесе олардың пайдасына жасалатын;

қолма-қол есеп айырысуды қоса алғанда, жасырын банк шоттарымен немесе жасырын, жалған есімдерді пайдаланумен байланысты;

айқын экономикалық мәні жоқ немесе анық қойылған заңды мақсаты жоқ;

клиентке тән емес жиілікпен жүргізілген немесе ерекше ірі сомаға жүргізілген;

КЖ/ТҚ-ның жоғары тәуекелі туралы ақпарат болған жағдайда беріледі.

Субъектілердің тәуекелдің қосымша факторларын енгізуіне жол беріледі.

13. КЖ/ТҚ тәуекелдерін басқару бағдарламасын іске асыру шеңберінде Субъектілер Талаптардың 12-тармағында көрсетілген тәуекел санаттары мен факторларын, сондай-ақ субъектілер белгілейтін тәуекелдердің өзге де санаттарын ескере отырып, клиенттерді жіктеу бойынша шаралар қабылдайды.

Клиент (клиенттер тобы) тәуекелінің деңгейін Субъектіде бар клиент (клиенттер) туралы мәліметтер мен ақпаратты талдау нәтижелері бойынша Субъектілер белгілейді және кем дегенде екі деңгейден тұратын тәуекел деңгейін анықтау шкаласы бойынша бағаланады.

Талаптардың 12-тармағында көрсетілген тәуекелдер санаттары мен факторларын пайдалана отырып тәуекелді бағалау операциялар (іскерлік қатынастар) мониторингінің нәтижелері негізінде клиенттерге (клиенттер тобына) қатысты жүргізіледі.

Клиент (клиенттер тобы) тәуекелінің деңгейін қайта қарауды Субъектілер клиент (клиенттер тобы) туралы мәліметтердің және операциялар (іскерлік қатынастар) мониторингі нәтижелерінің жаңартылуына қарай жүзеге асырады.

14. Субъектілер:

1) өнімдер берудің жаңа механизмдерін қоса алғанда, жаңа өнімдер мен жаңа іскерлік практика әзірлеуге;

2) жаңа өнімдердің немесе бұрыннан іс жүзінде бар жаңа өнімдердің дамып жатқан технологияларын пайдалануға байланысты пайда болуы мүмкін КЖ/ТҚ тәуекелдерін анықтайды және бағалайды.

4-тарау. Клиенттерді сәйкестендіру бағдарламасы

15. Клиентті сәйкестендіру бағдарламасы Субъектілердің клиент (оның өкілі) туралы мәліметтерді тіркеу және оның дұрыстығын тексеру, бенефициарлық меншік иесін анықтау және ол туралы мәліметтерді тіркеу, клиент (оның өкілі) туралы бұрын алынған мәліметтерді жаңарту, іскерлік қатынастардың болжамды мақсатын белгілеу және тіркеу, сондай-ақ Заңда көзделген клиент және олардың өкілдері туралы өзге де мәліметтерді алу және тіркеу бойынша:

1) Заңның 5-бабының талаптарына сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін тиісінше тексеру жөніндегі шараларды сақтау;

2) Заңның 5-бабы 3-тармағының б) тармақшасына сәйкес клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтердің анықтығын тексеру;

3) Тізімде және Тізбелерде клиенттің (оның өкілінің) болуы немесе болмауы;

4) Заңның 8-бабының талаптарына сәйкес клиенттің шетелдік жария лауазымды тұлғаға, оның отбасы мүшелеріне және жақын туыстарына жататынын және (немесе) қатыстылығын тексеру;

5) сәйкесінше тіркеуі, тұратын жері немесе орналасқан жері бар клиенттерді анықтау:

ФАТФ ұсынымдарын орындамайтын және (немесе) жеткілікті орындамайтын не Заңның 4-бабы 4-тармағының 4) тармақшасына сәйкес көрсетілген мемлекетте (көрсетілген аумақта) тіркелген банктегі шоттарды пайдаланушы мемлекетте (аумақта);

Бұйрықпен бекітілген салық салу жеңілдігі бар мемлекетте;

б) болжалды мақсатты және іскерлік қатынастар сипатын белгілеу;

7) берілген тәуекелдің деңгейіне байланысты клиентті тиісті тексеру бойынша тәуекелдерді басқару бағдарламасына сәйкес клиентке шараларды қолдану;

8) сәйкестендіру нәтижелері бойынша алынған мәліметтерді клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы сәйкестендіру мәліметтерінің өзгеруіне қарай, алайда жылына кемінде бір рет жаңарту;

9) клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру нәтижесінде алынған мәліметтерді тіркеу мақсатында, сауалнаманы (дерекнаманы) ресімдеудің бастапқы күнін көрсете отырып), Субъект рәсімдейтін клиенттің сауалнамасының (дерекнамасының) нысанына, мазмұнына және толтыру тәртібіне қойылатын талаптар;

10) мәліметтерді жаңарту мерзімділігін көрсете отырып, сауалнамада (дерекнамада) қамтылған мәліметтерді жаңарту тәртібі;

11) клиенттің КЖ/ТҚ заңдастыру мақсатында операциялар жасау тәуекелінің дәрежесін (деңгейін) бағалау тәртібі, осындай тәуекелді бағалау негіздері;

12) клиенттен сұратылатын құжаттар мен ақпарат тізбесін, Субъектінің жеке тұлғаны бенефициарлық иеленуші деп тану туралы шешім қабылдау тәртібін қоса алғанда, Субъектінің клиенттердің бенефициарлық меншік иесін анықтауға және сәйкестендіруге бағытталған шаралар (рәсімдер) тізбесі сияқты іс-шаралар жүргізуімен қорытындыланады.

Клиенттің тәуекел деңгейіне байланысты Субъект жүргізетін іс-шаралар дәрежесі Заңның 5-бабының 7-тармағына сәйкес клиенттерді тиісінше тексерудің оңайлатылған не күшейтілген шараларын қолданылуымен білдіріледі.

КЖ/ТҚ тәуекелінің жоғары дәрежесі бар клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы мәліметтерді жаңарту кем дегенде жарты жылда 1 (бір) рет жүзеге асырылады.

Жаңарту мерзімділігі және (немесе) клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы қосымша мәліметтер алу қажеттілігі клиенттің (клиенттер тобының) тәуекелінің деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын Субъект қызметтерінің (өнімдерінің) КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін ескере отырып белгіленеді.

16. Егер Субъектілер Заңға сәйкес шарт негізінде өзге тұлғаға Заңның 5-бабы 3-тармағының 1), 2), 2-1) және 4) тармақшаларында көзделген шараларды Субъектілердің клиенттеріне қатысты қолдануды тапсырса, субъект мұндай тұлғалармен өзара іс-қимыл қағидаларын әзірлейді, ол мыналарды:

сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің шарт жасау рәсімін, сонымен қатар сондай шарт жасауға уәкілетті Субъектілердің лауазымды тұлғаларының тізбесін;

сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілер арасындағы шартқа сәйкес клиентті (оның өкілін) және бенефициарлық меншік иесін сәйкестендіру рәсімін;

сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен сәйкестендіру өткізу кезінде алынған мәліметтерді Субъектілерінің беру мерзімі мен рәсімін;

сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектілерге беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, сәйкестендіру бойынша талаптарды, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою бойынша Субъектілермен қабылдаған шараларының сақталуын бақылауды Субъектілермен жүзеге асыру рәсімін;

сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен олар сәйкестендіру бойынша талаптарды, оның ішінде алынған мәліметтердің негіздемесін, рәсімдерін,

мерзімдері мен толықтығын сақтамаған жағдайда, олармен шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы Субъектілердің шешім қабылдауының негіздерін, рәсімін және мерзімін, сондай-ақ мұндай шешім қабылдауға уәкілетті Субъектілердің лауазымды тұлғаларының тізбесін;

сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалардан алынған мәліметтерді Субъектіге рәсімін, беру мерзімі мен толықтығын қоса алғанда, олардың сәйкестендіру бойынша талаптарды сақтамағаны үшін Субъект сәйкестендіру өткізу тапсырған жауапты тұлғалар туралы ережелерді;

сәйкестендіру бойынша талаптарды орындау мақсатында оларға әдістемелік көмек көрсету мәселесі бойынша сәйкестендіру өткізу тапсырылған тұлғалармен Субъектілердің өзара іс-қимыл рәсімін қамтиды.

Өзара іс-қимыл қағидаларына Субъектілердің қосымша шарттар енгізуіне рұқсат етіледі.

5-тарау. Клиенттердің күрделі, ерекше ірі және басқа да ерекше операцияларын зерделеуді қоса алғанда, клиенттердің операцияларын мониторингтеу және зерделеу бағдарламасы

17. Заңның клиентті тиісінше тексеру жөніндегі, сондай-ақ қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы хабарламаларды анықтау және уәкілетті органға жіберу жөніндегі талаптарын іске асыру мақсатында Субъектілер клиенттердің операцияларын мониторингілеу және зерделеу бағдарламасын әзірлейді.

18. Қызметін жеке өзі жүзеге асыратын Субъектілер үшін клиенттердің операцияларын мониторингілеу және зерделеу бағдарламасына:

1) Заңның 10-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен күдікті операцияларды айқындау белгілері негізінде жасалған, сондай-ақ Субъектілер дербес әзірлеген ерекше және күдікті операциялар белгілерінің тізбесі;

2) Заңның 4-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәсілдеріне, типологияларына сәйкес келетін сипаттамасы бар клиенттің операциясын анықтау рәсімі;

3) Клиент жүйелі түрде және (немесе) елеулі көлемде өзгеше және (немесе) күдікті операцияларды жүзеге асырған жағдайда клиент пен оның операцияларына қатысты Субъектілер қабылдайтын шараларды қабылдау тәртібі және сипаттамасы кіреді, бірақ олармен шектелмейді.

Субъект КЖ/ТҚҚ бойынша бөлімшенің жауапты қызметкерін немесе қызметкерлерін тағайындаған жағдайда клиенттердің операцияларын мониторингілеу және зерделеу бағдарламасы қосымша мыналарды:

1) Талаптарда көзделген жағдайларда клиент (оның өкілі) және бенефициарлық меншік иесі туралы бұрын алынған және (немесе) қосымша мәліметтерді жанарту жөніндегі міндеттерді Субъектінің бөлімшелері (қызметкерлері) арасында бөлуді;

2) Субъектінің бөлімшелері (қызметкерлері) арасында шекті, ерекше және күдікті операциялар туралы мәліметтерді анықтау және бөлімшелер (қызметкерлер) арасында беру жөніндегі міндеттерді бөлуді;

3) шекті, ерекше және күдікті операциялар анықталған кезде Субъект бөлімшелерінің өзара әрекеттесу тетігін сипаттауын;

4) жауапты қызметкердің клиент операциясын саралау туралы шешім қабылдау тәртібі, негіздері және мерзімін;

5) клиенттің операциясын жүргізуден бас тарту туралы (клиенттің, бенефициарлық меншік иесінің Тізбеде болуына байланысты бас тартуды қоспағанда), сондай-ақ клиентпен іскерлік қатынастарды тоқтату туралы шешім қабылдау бойынша бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара әрекеттесу тәртібін;

6) Тізбедегі клиенттерді және бенефициарлық меншік иелерін анықтау бойынша, сондай-ақ осындай клиенттердің ақшасымен және (немесе) өзге мүлкімен операция жүргізуден, осындай клиенттерге қызмет көрсетуден бас тарту не онымен іскерлік қатынастарды тоқтату бойынша Субъект бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара әрекеттесу тәртібін;

7) шекті және күдікті операцияның анықталғаны туралы Субъектінің лауазымды адамдарын хабардар ету (қажет болған жағдайда) тәртібін қамтиды, бірақ шектелмейді:

19. Клиенттер операцияларын мониторингілеу және зерделеу бағдарламасы шеңберінде Субъектілер қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру типологияларына, схемалары мен тәсілдеріне сәйкес келетін сипаттамалары бар барлық шекті, ерекше, күдікті операциялар мен операциялардың мақсаттары мен негіздерін белгілеуге бағытталған іс-шараларды жүргізеді.

Клиенттердің операцияларына мониторинг жүргізу және зерттеу нәтижелері Субъект қызметтерінің КЖ/ТҚ тәуекелдеріне ұшырау дәрежесін жыл сайын бағалау үшін, сондай-ақ клиенттердің тәуекелдерінің деңгейін қайта қарау үшін пайдаланылады.

Клиент операцияларының мониторингі және зерделеу бағдарламасын іске асыру шеңберінде алынған мәліметтер клиенттің досьесіне енгізіледі және (немесе) клиентпен іскерлік қатынастардың бүкіл кезеңі бойы Субъектіде және операция жасалғаннан кейін кемінде бес жыл сақталады.

20. Клиент операцияларын зерделеу жиілігін Субъектілер клиенттің тәуекелінің деңгейін және (немесе) клиент пайдаланатын Субъектілер

қызметтерінің КЖ/ТҚҚ тәуекелдеріне ұшыраушылық дәрежесін, клиенттің қаржы мониторингіне жататын операцияларды (операцияларды) жасауын (жасауға әрекет етуін) ескере отырып, сондай-ақ Заңның 4-бабының 5-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен немесе субъектілер дербес әзірлеген қылмыстық кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру типологияларын, схемалары мен тәсілдерін ескере отырып айқындайды.

Клиентке тәуекелдің жоғары деңгейі берілген жағдайда, сондай-ақ клиент күдікті операция жасаған жағдайда Субъектілер белгілі бір уақыт кезеңінде клиент жүргізетін (жүргізген) операцияларды зерделейді.

Клиенттің операциялары:

Заңның 4-бабының 4-тармағында көрсетілген негіздер бойынша;

егер олар күдікті операция белгілерінің сипаттамасына ие болса зерделенуге жатады.

21. Клиенттің операциялары, егер осы Талаптардың 20-тармағында көрсетілген операцияларды зерттеу нәтижелері бойынша Субъектілерде клиенттің операциялары КЖ/ТҚ заңдастыруымен байланысты деп пайымдауға негіз болған жағдайда күдікті деп танылады.

Субъектілер клиенттің операциясын күдікті операция ретінде тану (танымау) туралы шешімді клиенттің (оның өкілінің) және операцияны жүзеге асыратын бенефициарлық меншік иесінің мәртебесі мен қызметін сипаттайтын, оның иелігіндегі ақпарат пен құжаттар, сондай-ақ клиенттің қаржылық-шаруашылық қызметі, қаржылық жағдайы және іскерлік беделі туралы ақпарат негізінде дербес қабылдайды.

Операцияны жасау уақыты мен осындай операцияны күдікті деп тану уақыты арасындағы айырмашылық Субъектілердің ІБҚ-ға сәйкес клиенттің операциясын зерделеу жиілігін айқындайтын уақыт аралығынан аспауы тиіс.

6-тарау. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы қаржы мониторинг Субъектілерің дайындау мен оқыту бағдарламасы

22. КЖ/ТҚҚ мәселесі бойынша Субъектілерді даярлау және оқыту бағдарламасы Заңның 11-бабының 8-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Субъектілердің қызметкерлерін даярлау және оқыту жөніндегі талаптарға сәйкес әзірленеді.